



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС ЗАҢДАРЫ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ОРТА

Дамыған елдердегі халықаралық
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
заңнамалық күрес





Дәрістің жоспары:

1. ЭЫДҰ-ның (ОЭСР) парақорлыққа қарсы конвенциясы;
2. Ұлыбританияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы;
3. ХСП-тің (МТП) жемқорлыққа қарсы заңнамалық бабы;
4. Үкім шығарардағы федералдық қағидаттар.

Шетелдік жемқорлықтың халықаралық және аймақтық деңгейдегі ауқымы таяудағы наразылықтарды тудырды. 1988 жылы АҚШ Конгресі Президентті жемқорлықпен күресу жөнінде ОЭЫД мен келіссөз жүргізуді бастауға шақырды. Мақсат жемқорлыққа қарсы күрес ережелеріне қатысты ОЫДҰ-ның мүшелерінің бірдей келісімге келуіне қол жеткізу болатын. 1999 жылғы 15 ақпанда Халықаралық бизнес мәмілелерінде шетелдік мемлекеттік лауазымды тұлғаларды парамен сатып алуға қарсы күрес туралы ОЫДҰ-ның Конвенциясы өз күшіне енді. ЭЫДҰ конвенциясының мынандай мақсаттары мазмұндалған:

- экономикалық өсудің ең жоғарғы тұрақты деңгейі;
- еңбекпен қамтудың жоғарғы көрсеткіштері;
- қаржылық тұрақтылықты сақтай отырып, мүше елдердің өмір сүру деңгейін көтеру,
- әлемдік экономиканы өркендетуге қомақты үлес қосу ;
- мүше елдердің сенімді түрде әлемдік экономикадағы үлесін арттыру.

Сонымен қатар экономикалық даму ұйымына кірмейтін елдерге көп жақты және кемсітпейтін қағидат негізінде халықаралық міндеттемелерге сәйкес әлемдік сауданы кеңейтуге жағдай жасауға атсалысу.

ЭЫДҰ басқа да елдерге өз экономикалық және әлеуметтік саясаттарын құрастыруына мүмкіндік береді. Барлық елдерде шенеуніктерді парамен сатып алуды қылмыс деп танитын заңдар болғанымен, тек қана FCPA шет елдік шенеуніктерді сатып алу қылмысын аумақтан тысқары жерде де (экстерриториалды) жазаға тарта алады.

FCPA-ның салыстырмалы жетістігі, әлемдік нарықтың өсуі және экономикалық шығындарды пара алушылар үшін, шетелдік экономикалар үшін деп тану ЭЫДҰ Конвенциясына серпін берді. Парақорлық туралы ЭЫДҰ конвенциясын қабылдағанға дейін бірқатар алдын ала дайындық құжаттары қабылданды. Мысалы, 1996 жылы ЭЫДҰ шетелдік мемлекеттік лауазымды шенеуніктерге берілген параны салықтан шегеруге тыйым салатын қаулы (резолюция) қабылдады. Адам нанғысыз нәрсе, Франция, Германия, Норвегия және Дания сияқты бірқатар елдер бұрын бизнес жүргізу құны ретінде пара төлеуге рұқсат беріп келген екен. Сыбайлас жемқорлық мәселелерін зерттеу үшін ЭЫДҰ Сыбайлас жемқорлықты дамытуға қарсы күрес орталығын құрды. Орталық дамушы елдерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте көмек көрсетуге аса назар аударды. Конвенцияға қол қойған тараптардың мемлекеттік лауазымды тұлғалардың парақорлығымен күресу үшін қабылданатын қадамдарға негіз және басшылық болатын. Ол мемлекеттің лауазымды тұлғаларына кеңейте анықтама беріп, оларға мемлекеттік органдарды, мемлекеттік кәсіпорындар мен халықаралық қоғамдық ұйымдарды жатқызатын болды.

Ол FCPA сияқты, шетелдік шенеуніктерді халықаралық парақорлыққа қарсы экстерриториялық тәсілмен жазалауды қабылдады. Ол шетелде жасаған қылмыстары үшін өз азаматтарын қуғындауға мүше елдерге рұқсат береді. Бухгалтерлік есеп саласында, әрбір қол қойған адам «мұндай кітапшаларда, есептерде, шоттарда және қаржылық есептерде осындай кемшіліктер мен жалғандықтар үшін азаматтық, әкімшілік немесе қылмыстық жазалау шаралары аясында жауапқа тартылуы тиісті. «Компаниялардың қаржысы есептелінгенде, материалдық ықтимал міндеттеме деңгейіне көтеретін заңға сәйкес кез-келген потенциалды шартты міндеттемелерді ашып көрсетуі тиіс. Америка Құрама Штаттары ЭЫДҰ-ның мүшесі ретінде жемқорлық туралы жаңа Конвенцияны мақұлдады.

1998 жылы FCPA-ға енгізілген түзетулерінде жаңа қабылданған ЭЫДҰ-ның жемқорлыққа қарсы Конвенциясын толық қабылдады. Түзетулер Сауда министрінен Конгреске келесі ақпаратпен есеп беруді талап етеді:



1) Конвенцияны ратификациялаған елдердің тізімі және осы Конвенция күшіне енген елдердің тізімі;

2) Конвенция бойынша міндеттемелерді жүзеге асыратын Конвенцияның әр тараптарының ұлттық заңдарының сипаттамасы;

3) Конвенцияға қатысты өз міндеттемелерін орындау үшін өткен жылы Конвенцияның әр тараптарының қабылдаған іс-шараларына баға беру;

4) Ішкі салықтарды есептеуде параны шегеруге тыйым салынатын Конвенцияның әрбір тараптарының ұлттық заңдарына түсіндірме беру.

3-тармаққа сәйкес, шет мемлекеттер, олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы өз заңдарын қолдану дәрежесіне сәйкес бағалануға тиісті. Жемқорлықтың зиянды құбылыс екенін мейлінше насихаттау арқылы қоғамдық пікір тудыру деңгейі және олардың мониторингінің тиімділік пен орындалуын қамтамасыз ету деңгейі де шет мемлекеттің жемқорлықпен күресіне баға бере алады.

2. Ұлыбританияның жемқорлық туралы Заңы қылмыстардың төрт түрлі санатын қамтиды:

1) басқа адамды сатып алу;

2) жемқорлық;

3) шетелдік жария лауазымды тұлғаларды сатып алу;

4) жемқорлықтың алдын алудан коммерциялық ұйымның бас тартуы.

ФСРА сияқты, Ұлыбританияның 2010 жылғы Жемқорлық туралы заңдары «Англиямен тығыз байланысты» әрбір адамның соңынан қуып жетіп, елден тысқары жерлерде де (экстерриториалды) қолданылады және жемқорлықты алдын ала болдырмауға қабілетсіз кез келген Біріккен Корольдікте бизнесін немесе бизнесінің бір бөлігін жүргізетін коммерциялық ұйымдар да жазаға тартылады. «Ұлыбритания министрлігінің алты басқарушы қағидасы:

1) Пропорционалды рәсімдер: «Коммерциялық ұйым» өзімен байланысты адамдарға пара берудің алдын алу бойынша рәсімдерді жүзеге асырады, себебі ол пара алу тәуекеліне байланысты, сондай-ақ, оның қызметінің сипаты, ауқымы және күрделілігіне байланысты.

2) Жоғары деңгейдегі міндеттеме: «Коммерциялық ұйымның жоғарғы деңгейдегі басшылығы онымен байланысты адамдардың пара алуын болдырмауға тырысуы керек.

3) Тәуекелдерді бағалау: «Коммерциялық ұйым мен байланысты тұлғалар тарапынан жемқорлықтың сыртқы және ішкі тәуекелдерінің ықтималдылық дәрежесі мен сипатын бағалайды.

4) Due Diligence: «Коммерциялық ұйым рәсімдерді өте сақтықпен, пропорционалды тәсілмен қатар жемқорлықтың тәуекелділігін бағалау тәсілін қолдана отырып, өз атынан немесе ұйымның атынан қызмет атқаратын адамдарға қатысты, жемқорлықтың анықталған тәуекелдерін ауыздықтау үшін қолданады.

5) Коммуникациялық байланыс және оқыту: «Коммерциялық ұйым, өз қызметкерлерін олардың алдында тұрған жемқорлық қаупіне өлшемдес дәрежеде оқытып даярлауға, оларды ішкі және сыртқы қарым-қатынас құралдары арқылы ұйымдастыру бойынша түсіндіруге жемқорлықтың, алдын алу үшін бұл өз саясаты мен процедураларын қамтамасыз етуге ұмтылады.

6) Мониторинг және шолу: «Коммерциялық ұйым өзімен байланысты тұлғалардың жемқорлығын болдырмауға бағытталған шараларды бақылайды

Алаяқтықтың ауыр түрі бойынша Ұлыбританияның бюросы тергеу және заңды орындауды қамтамасыз ету міндеттерін, сондай-ақ қосымша басшылыққа алынуға тиісті нұсқауларды тағайындайды. Оның саясаты – жеңілдік үшін төленетін төлемдер бәрі бір пара, сондықтан пара деп саналуға тиісті. Мысал ретінде, үкімет органының шенеулігі өз міндеттерін жүзеге асыру барысында, белгілі бір рәсімдерді жеделдеткені үшін ақша немесе тауарлар алуы мүмкін. Егер ФСРА-ның «мемлекеттік шығындарды қоспағанда» деген ұстанымы тұрғысынан, бәлкім, заңсыз пара емес. Соған қарамастан, Ұлыбританияның заңында «бизнес-жұмсалымдары» ретінде шынайы қонақжайлылық, жарнамалық немесе басқа да заңды бизнес-жұмсалымдары



мойындалады. Бұл FCPA-ның «өз еркімен ұятты шығындар» дегенмен мағынада. АҚШ-тың Федералдық ережелерінде көрсетілгендей, корпоративтік өзін-өзі есептеуін ұйымдастыруы өзі үшін пара берді, заң бұзды деп айыпталған компанияны ақтап алуға септігі тиеді, оларды қудалауға жол бермеуі мүмкін. «Корпоративтік орган өзі туралы хабарлаған болса, онда осыған сай Ұлыбританияның корпоративтік айыптау Ережелері бойынша заңға сәйкес көлемде қарастырылуға тиісті. Корпоративтік жауапкершілік жөніндегі нұсқаулықта: «Өзін-өзі есептеуді қабылдау үшін ол шынайы белсенді әрекеттің, корпоративтік басқарушы топтың бөлінбес бөлігі ретінде тәртібі жөнінде оларға мәлімделеді. Өзін-өзі есептеу айып тағылуына кепілдік бере алмайды», – делінген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы ХСП /МТП/ 27-бапқа (Халықаралық сауда палатасы) коммерциялық келісім-шарттардағы сыбайлас жемқорлыққа (2011) қарсы күрес жөніндегі ережесі кіреді. Келісімшартқа қосымша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және корпоративтік сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламасының қабылдауынан сақталуына дейін қамтамасыз ету үшін ХСП ережелерін толық орындау қажеттілігін көрсетеді. Сондай-ақ, тараптар арасындағы сенімділікті сақтауды және келіссөздер барысында да, келісімшарттарды жүзеге асыру кезінде де сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды көздейді. Сыбайлас жемқорлық жайлы аңдатпа сөз және бағдарлама жаһандық жеткізу тізбегі тұрғысынан да маңызды болып табылады. Бұл мәселеде туған елінің заңы бойынша компанияға пара беруге тыйым салынса, АҚШ-тың компаниясы сияқты, үшінші жақтарды ортаға салып, пара беруге де тыйым салады. Егер бір жақ болжам бойынша Халықаралық қылмыс сотының ХҚС /МУС/ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Ережелерін бұзған болса, ақылға қонымды уақыт кезеңі ішінде жағдайды түзетуге немесе құқықтық қорғаныс құралын қолдану мүмкіндігі болмаса, басқа да сыбайлас жемқорлыққа қарсы алдын алу шараларын қолдану мүмкін болмаған жағдайда екінші жақ келісім-шарттан бас тартуға, оны бұзуға құқылы.

Сыбайлас жемқорлық практикасы мемлекеттік немесе жеке сатып алу келісімшарттарына, рұқсаттарға, салықтық, кедендік және соттық-заңнамалық процедураларға байланысты жемқорлықты қамтиды; қорқытып алу; саудаға ықпал ету және жемқорлық кірістерін жылыстату.

Сыйлықтар мен қонақжайлылыққа қатысты MUSUD ұсыныстары:

- 1) заңдарды сақтауға;
- 2) ақылға қонымды және адал;
- 3) берушіге қатысты сот шешімінің тәуелсіздігі туралы алушыға әсер ете алмайды;
- 4) алушының белгілі ережелеріне, мінез-құлық кодексіне қайшы келмейді;
- 5) ұсынылмайды немесе қабылданбайды.

MUSUD/Халықаралық қылмыстық сот/ ережесінің 2-бабы үшінші тараптардың жемқорлық мәселесіне қатысты. Компаниялар көбінесе агенттер, консультанттар, сауда өкілдері, кедендік агенттер, сатушылар, қосалқы мердігерлер, франчайзерлер, заңгерлер, бухгалтерлер немесе ұқсас делдалдар сияқты үшінші тарапты жалдайды. Компания үшінші тұлғаларға: (1) компания атынан сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасамауға; (2) кез-келген сыбайлас жемқорлыққа жол бермейтін компания ретінде компанияны пайдаланбауға; (3) адал кәсіпкерлік жолында «үшінші тұлғаның компанияны жүйелі түрде жүргізуге қажетті дәрежеде ғана жалдауға» және (4) компания олардың заңды қызметтеріне сәйкес келетіннен артық төлеуге құқылы емес екені жөнінде консультация беруге міндетті.

Ұйымдар да, жеке адамдар сияқты, қылмыстық әрекеттерге кінәлі болуы мүмкін, ал қылмыстық жазалау және заңсыз әрекеттері үшін жазалау шаралары бойынша үкім шығару жазалау ережелерінің 8-ші тарауымен реттеледі. Ұйымдарды қамауға алуға болмайды, бірақ оларға айыппұл салуға, бес жылға дейінгі сынақтан өткізетін мерзім тағайындауға, реституция жасауға және құрбандарын жазғыру туралы қоғамдық хабарламалар шығаруға және оларды қолданыстағы заңдар негізінде тәркілеу /конфискациялау/ туралы бұйрық беруге болады. Ең көп таралған қылмыстар – алаяқтық, экологиялық қалдықтарды жасырын далада қалдыру, салық құқығын бұзу, монополияға қарсы құқық бұзушылықтар мен азық-түлік және дәрі-дәрмек өнімдеріне, есірткіге байланысты құқық бұзушылықтар.



1991 жылы 1 қарашада күшіне енген «Ұйымдарға үкім шығару барысында Федералдық нұсқауларында» Америка Құрама Штаттарында ұйымдардың есеп беруіне деген көзқарасты түбегейлі өзгертті. Корпоративтік тұрғыда жасалған қылмыстарға бұдан Бұрын жауапты қызметкерлер ғана қылмысқа тартылатын еді. Енді корпоративтің немесе ұйымның бөлімшесі нұсқаулардың қағидаттарына сәйкес, өз қызметкерлерінің қылмыстық іс-әрекеттері үшін жауапты болады. Бұл нұсқаулар принциптері, сондай-ақ, заңсыз іс-әрекеттерді болдырмау үшін тырысып баққанын тексеріп таныса, сол компаниялар үшін айыппұл көлемін азайтуға қол жеткізе алады. Олар этика бағдарламасын іске асыратын корпоративтік менеджерлер үшін неғұрлым жеңіл қатынастарды қарастырады.

4. Қылмыстық жауапкершілік компанияға әр кез оның жұмыскері өз әрекет құзырының аясында құқық бұзса, тіпті бұл қылмысы ұйымның саясатына өрескел қарама-қарсы және компанияның инструкцияларын бұзып тұрса да, тиесілі болады. Өз қатарындағы заң бұзушылыққа қарсы күресіп, қаншалықты тырысса да, бүкіл ұйым әлдебір қызметкерінің заңсыз әрекеті үшін әлі де қатаң қылмыстық жазаға тартылуы мүмкін. Сондықтан, АҚШ-тың Үкім шығару туралы Комиссиясы ұйымдық нұсқаулардың қағидаларын жариялаған кезде, ол бұның ең ауыр институционалды қатыгез жақтарын жұмсартуға тырысып, орындау жүйесіне ұстамалық аспектілер мен алдын алу шараларын үкім құрамына енгізді. Комиссия потенциалды айыппұлды 95%-ға дейін жұмсартты, сонымен қатар ұйым тиімді орындау бағдарламасын енгізді. Мұндай жұмсартылған «кредит» нұсқаулардың қағидаттарына сәйкес биліктегілердің хабардарлығына және кемсітілген уақиғаға жоғары деңгейдегі персоналдың қатысы болмауына тәуелді болады.

2.5-кесте. Мысал: «Ұйымдар үшін жазалау туралы Федералдық ұсыныстарға сәйкес айыппұлдар»

	Максимум	Минимум
Ынтымақтастық бағдарламалары, ішкі сыбайлас жемқорлықпен күрес бағдарламасы, мемлекеттік тергеу-тексерулермен ынтымақтастық	2,74 млн. АҚШ долл.	685 000 АҚШ долл.
Тек ынтымақтастық бағдарламасы	10,96 млн. АҚШ долл.	5,48 млн. АҚШ долл.
Ынтымақтастық бағдарламасы жоқ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ішкі бағдарламасы жоқ, мемлекеттік тергеу жұмыстарымен ынтымақтастық жоқ	27,4 млн. АҚШ долл.	13,7 млн. АҚШ долл.
Ынтымақтастық бағдарламасы жоқ, сыбайлас жемқорлықпен күресудің ішкі бағдарламасы жоқ, мемлекеттік тергеу жұмыстарымен ынтымақтаспайды, сыбайлас жемқорлыққа жоғары лауазымды шенеуніктердің қатысы бар	54,8 млн. АҚШ долл.	27,4 млн. АҚШ долл.

Жоғарыда келтірілген мысалда жеңілдетілген және ауырлататын факторлардың болжамды айыппұлға қалай әсер ететіні көрсетілген. Басқа мысалда пошталық алаяқтыққа кінәлі деп



Кітап: Халықаралық бизнес заңдары мен құқықтық орта

Дәріс: 11. Дамыған елдердегі халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалық күрес

танылған компания, тапсырыс берушілердің жөндеуге кететін шығындарды жүйелі түрде артық төлегені, оның жалға алынған автокөліктеріне зиян келтіргені туралы айтылған. Компанияның айыппұлдары 685 мың доллардан 54,8 миллион долларға дейін жетеді. Айыппұлдың дәл мөлшері ұйымдардың Федералдық айыптау қағидаларына сәйкес танылған жеңілдететін факторлардың болуына байланысты.

Дәрісте қолданылған материалдар

1. International Business Law and the Legal Environment, 3rd edition, Larry DiMatteo кітабынан алынған.